

Әке өмірдің-тірегі



Бекітемін
«Балдырған» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
Бимырзаева
2023ж

«Өмірге ұрпақ келтіріп, оны асырау арқылы әке өз міндетінің үштен бірін ғана орындайды. Ол адамзатқа адам, қоғамға қызметкер, мемлекетке азамат беруге міндетті. Осынау үш міндетті орындауға қабілетті бола тұра кімде-кім оны орындамаса айыпты».

Жан Жак Руссо.

Максаты:

- Балабақша мен пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту;
- Отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру;
- Бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру.

Психолог: Сәлеметсіздер ме, ардақты әкелер, құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің кездесуімізде, Әкелер, сіздер туралы әңгіме қозғағымыз келеді. Әке... Бұл үш әріпті сөзде не бар? Әке деген сөз – мейірімділік, ержүректік, әдептілік деген ұғымдармен іспеттес. Әкенің бала дүние есігін ашқаннан бастап, оның өсіп дамуына тигізетін әсері маңызды екені баршаңызға мәлім. — Қадірменді әкелер! Сіздің осы кездесуге үй шаруларыңызды тастап, бас тартпай келуіңіздің өзі – бала бақыты сіз үшін маңызды екенін көрсетеді. Конференция барысы:

1.Танысу . Барлық әкелер өзінің және балаларының есімдерін айтып,бір-бірімен танысып шығады.

2. «Мен үшін әке болу – бұл... » (бақыт, жетістік, байлық, арман, дәреже, мәртебе, өмір, жауапкершілік ... т.с.с.)

Психолог: Керемет! Ой бөліскеніңізге рақмет!

3. Отбасы туралы туралы мақал-мәтелдер айту

1. «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Ана – өсіреді, Әке – үйретеді».

Психолог: «Әке – отбасының тірегі», «Әке – асқар тау», деп теңестіреді халық даналығы. Әр бала Әкесі мен анасының махаббатының жемісі болғысы келеді. Бақытты бала тек бақытты ата-анада ғана болады. Бала тәрбиесінде Әкенің рөлі ерекше. Психологтардың зерттеуі бойынша, егер әкелер балаларымен тығыз байланыста болып, тәрбиелеу міндетінің

жүктемесін мойындарына алатын болса – анаға қарағанда тигізетін әсері мол. Ер бала әкені тыңдағысы келеді, оған ұқсас болғысы келеді. Ерекше әсер, әрине – бірігіп ойын ойнау. Көптеген зерттеулер нәтижесі бойынша, мысалы, ана баламен ойын ойнаса, ол әкеге қарағанда, ойнай отырып, баланы күтуді жалғастырады (мысалы: ойнаса да, ол бала құлап қалмаса екен, немесе бір жерін ауыртып алмаса екен, киімін лаптап тастамаса екен т.с.с.) Ал әке керісінше, күш, қозғалыс ойындарын таңдайды. Осының салдарынан баланың даму белсенділігі арта түседі.

Бейнеролик «Әке мен бала» (Мультфильм).

Көңілді ойындар

1. Кім жылдам? Ортаға 2 әке шығып, психолог айтқан түстерге өздеріне берілген допты тез арада орналастыру қажет. Ойын жылдамдықты қажет етеді.
2. Сурет саламыз. Әкелерге балалары берген қаламсам арқылы көрмей сурет салу қажет. Ойында әдемілік бағаланады.
3. Ситуациялық сұрақтар (Әкелерге түрлі жағдаяттарға байланысты сұрақтар берілді)
4. Кімнің киімі? Ортаға барлық балалардың киімдер тұрады. Әкелер өз балапандарының киімдерін танып 1 мин ішінде киіндіріп үлгеру қажет.
5. Менің балапаным. Әкелердің көзі байлаулы болады. Сол көзбен баласының қолынан ұстап көру арқылы өз баласын танып алу қажет.

Қорытынды. Психолог: Шынымен де, әкенің бала өміріндегі рөлі зор. Жастайынан баланы еңбекке баулу – анаға қарағанда, әкенің рөлі зор. Тіпті мамандық таңдауда да, әсіресе ер балалар әкенің ақыл-кеңесіне құлақ түре отырып, өз болашақ мамандығын айқындайды. Сондықтан да, құрметті ер жүрек әкелер, сіздер балаларыңыз үшін ең беделді жандардың бірісіз.



Бала тәрбиесіндегі ата-ана

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс – тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым – қатынас орнату.

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, баланың білімге, мейірімділікке, құстамдылыққа, тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу саласының аз да болса жоғарылауына ықпал ету.

Қажетті құралдар: үлестірмелі қағаздар, жіптер.

Әдіс-тәсілдері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, тест, психологиялық жаттығулар.

Тренинг бағдарламасы:

«Танысу» жаттығуы.

2. Топқа бөлу.

3. Гүл шоғы жаттығуы.

4. Ситуациялық сұрақтар.

5. Сергіту сәті.

6. «Тыйым» ойын жаттығуы.

7. Видеоролик «Ата-анаға кенес»

8. Тест «Сіз қандай ата-анасыз?»

9. «Ашығын айтсам...» жаттығуы

10. Рефлексия

Психолог: Сәлеметсіздер ме, Құрметті ата-аналар, әріптестер! Бүгінгі біздің «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты тренинг – сабағымызға қош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі – баласының жақын болуы, еңбек сүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

Баланы бастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қдірден жүрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек, - дегендей, баланың ыстық – суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл – ертенгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертенгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана.

Танысу жаттығуы.

Ата – аналар шеңбер бойымен тұрып, бір ата- ана есімін алға адымдап атайды, қалғандары сол аталған есімді қайталайды. Мысалы: Менің есімім «Айман». Бәрі хормен «Айман» дейді. Барлығы есімдерін атап болғанша ойын жалғасады. Ең соңында өзімізді таныстыру.

Топқа бөлу. Ата-аналар тактада жапсырылып тұрған жүрекшелерді таңдап алады. Қызыл гүлдер – 1-ші топ. Көк гүлдер – 2-ші топ. Жасыл гүлдер – 3-ші топ

«Гүл шоғы» тапсырмасы.

Психолог: Халық даналылары «адам баласына ең жағымды,сүйкімді естілетін дауыс ол өзінің есімі» деп есептеген.Егер адам немесе бала көңілін өзіңізге аударғыңыз келсе,оны атмен атап шақырған жөн.ал сіз өз балаңызды қалай атайсыз,қандай жылы сөздер арнайсыз? Балаңыздың жақсы қасиеттерін анықтауға «Гүл шоғы»тапсырмасы көмектеседі.Шарты:Гүл күлтелерін толтыруға ұсыныс білдіремін ортасына балаңыздың атын жазып,ал күлтелерге жылы сөздермен жағымды қыяқтармен мінезін көрсетіңіз.

Рефлексия:

-Қиын болды ма?

-Осы жаттығу барысында қандай сезімде болдыңыз?

-Әлде оңай болды ма?Неліктен?

Ситуациялық сұрақтар

1-ші топ.Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс –әрекетіне көңілі толмай «сен сала алмайсың, сен істей алмайсың»деп айтып жататынын байқаймыз.бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

2-ші топ.сіздің тұңғышыңызды атасы мен әжесі бауырына басқан. Сабағы қиындап кеткен соң, өздерін қадағаландар деп әкеп тастады. Балаңыз тәрбиенізге еш көнер емес.Не істейсіз?

3-ші топ.биыл сіздің балаңыздың сыныбында оқитын оқушылардың барлығында ұялы телефон бар, тек сіздің балаңызда жоқ.Күнде әпер деп мазанызды алады,сабаққа барғысы келмейді.Сіз жұмыссызсыз, не істейсіз?

Сергіту сәті. Көңілді би.

Ойын жаттығуы «Тыйым»

Психолог бала рөлін сомдайтын бір ата-ананы таңдайды.

Психолог:Атаналар қараңыздар,кімнің орындығының артында геометриялық фигура – үшбұрыш табылса,сол адам ортаға шығады.Сіз -баласыз,мен –анамын.Мен өз баламның үсті кірлемеуіне,ауырып қалмауы үшін қатты камкор боламын.Көшеде жүгіруге,көлшіктерде секіруге тыйым саламын(баланың аяғын лентамен н/е жіппен байлайды),жердегі таяқшаларды алуға,тастар жинауға,аузына апаруға рұқсат етпеймін (қолын байлайды),сіздің ойынызша көруге болмайды деп санаған нәрселерді қарауға тыйым саламын (көзін байлайды) және үлкендердің сөзін тыңдауға(Құлағын байлайды),баламмен сөйлескім келмеген жағдайда «аузынды жапшы»деп айтамын – (аузын байлайды.Менің балама қараңыздаршы,ол осындай күйде. өзінің қатарлас достарымен еркін түрде қарым –қатынас жасай алама,қажеттіліктерін қанағаттандырып,толыққанды дами ала ма?...

Бұл әрекеттер мен сөздер балаға кері әсер етіп ,толық дамуына кедергі жасайды.Бірақ кез келген жағдайда шешім табуға болпады.Маған көмектесіңіздер.Ата-аналар жағдаятты шешу жолдарын қарастырады.

- Аяғын байламай,резинке етік кигізу;
- Қолын байламай,ойыннан кейін қолын жуу;
- Көзін мен құлағын байламай,байыпты сөйлесу,ұрыспау;
- Аузын байламай,баланы тыңдау.

Психолог: Біз бірігіп жағдаяттың шешу жолдарын таптық. Балаға қоршаған ортасын зерттеп өсуге,дүниетанымын кеңейтуге,ата-ансымен толыққанды қатынас жасауға мүмкіндік беру қажет,сол жағдайда біз баланы әлеуметтік тұрғыдан дамыта аламыз.

Тест «Сіз қандай ата анасыз?»

Бұл сұрақтың жауабын кім білгісі келмейді? Осыған орай балаңызбен қарым – қатынаста сіз төмендегі фразалардың қайсысын жиі қолданатынызды белгілеңіз.

1. Саған қанша рет қайталап айтамын. 2 ұпай
2. Маған ақылыңды айта қойшы. 1 ұпай
3. Мен сенсіз не істер едім. 1 ұпай
4. Сонша кімге тартқансың? 2 ұпай
5. Сенің достарын қандай тамаша. 1 ұпай
6. Туу, ұқсағансың! 2 ұпай
7. Мен сендей кезімде... 2 ұпай
8. Сен менің тірегім, көмекшімсің ғой! 1 ұпай
9. Сенің достарын қандай адамдар.... 2 ұпай
10. Сен үнемі не ойлап жүресің? 2 ұпай
11. Сен менің ақылшымсың! 1 ұпай
12. Ұлым, қызым, сен қалай ойлайсың? 1 ұпай
13. Басқаның баласы бала сияқты, ал сен... 2 ұпай
14. Сен қандай ойлап тапқышсың! 1 ұпай

Енді жалпы ұпайды санап, жауапты табыңыз. Әрине, сіздің қандай ата-ана екенізді сізден артық ешкім білмейді. Бұл тек ой салуға бағытталған.

Видеоролик көрсету.

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салады, талдайды.

Қорытынды

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі,- деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт – арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адамда өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізде ұстайық: «Отбасында берілген берілген тәрбие жігерінді құм кылып, жерге қаратпасын десеніз, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер», - деп ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары болып шығары сөзсіз.



Бекітемін

«Балдырған» бөбекжай

балабақша меңгерушісі

Т. Бимырзаева

2023ж

Отбасы махаббаты неде?

Мақсаты мен міндеттері: Ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін мейлінше арттыру, ата – анамен бірлесе отырып, бала тәрбиесіне байланысты мәселелерге көңіл аудару, жан-жақты дамыған тұлғаны адамгершілік, рухани жағынан тәрбиелеу.

Тренингтің барысы:

Қайырлы күн, ардақты ата-аналар мен ұстаздар! Құрметті ата-аналар, бүгінгі тренингке келгендеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі кездесу ерекше болады деп сенеміз. Балаға дұрыс тәрбие беру жайында айтатын боламыз. Барлығымыз бірлесе жұмыс атқарғанда ғана, жақсы нәтижелер мен жетістіктерге қол жеткіземіз. Бірігіп жұмылғанда, қолымыздан барлығы келеді. сіздермен бірлесе отырып бала тәрбиесіне байланысты мәселелерге көңіл аударуға, оны шешуге, бала жүрегіне жол табуға, оны түсінуге тырсып көрелік.

Психологиялық дайындық.

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.

Шуак толған жанымыз, жүрегіміз

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

1. Танысу: Әр ана өз баласын еркелете отырып, өзін таныстырып өтеді.

(Мысалы: Мен Айдай сұлу Айсәуленің анасы Маржанмын)

Психолог: Құрметті ата-аналар біз неге шеңберге тұрып, тренингмізді бастадық?

Шеңбер – бұл әлемдегі мейірімділік, жақсылық.

Шеңбер арқылы – бір – бірімізге күлімдеп қарап, бақыт, қуаныш, жылылық тілейміз. Шеңбер – сонымен қатар, қай әріпке ұқсайды? «О» - әріпіне ұқсайды. Ендеше «О» - әрпінен басталатын сөздер айтайық. («Отан», «Отбасы» т.б.)

Отбасы- кішкентай адамның өміріндегі алғашқы тұрақты ұжым. Тұлғаның қалыптасуында отбасы ең басты роль атқарады. Нақ отбасында- мінез-құлықтың негізгі сипаттары, оның әдеттері қалыптасады және де баланың қандай болатындығы- отбасы мүшелері арасындағы –өз ара қарым-қатынасқа байланысты. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы- сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы- бала тәрбиесінінен алғашқы ұжымы. Отбасы- адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Отбасылық өмір көп қырлы, қиындығы, проблемасы жоқ от басы болмайды. Бірақ сонда да идеалды отбасы сияқты түсінік бар.

2. Идеалды отбасы- бұл... (ата-аналардың жауаптары тыңдалады).

3.«Аяқталмаған сөйлемдер әдісі»(ата-аналарға сөйлемдер оқылады, олардың жауаптары тыңдалады, қажет болған жағдайда толықтырылады)

Егер:

- Баланы сынап отырса , ол ... (жек көруді) – үйренеді
- Бала өшпенділікпен өмір сүрсе, ол... (агрессивті болуды) үйренеді
- Бала кінәлап отыруда өмір сүрсе, ол... (кінәлі адамдай сезініп өмір сүруді) үйренеді.
- Баланы қолдап отырса, ол... (басқаларды түсінуге) үйренеді.
- Баланы келемеждей берсе, ол... (тұйық болуды) үйренеді.
- Бала түсіністікте және ынтымақтасуда өмір сүрсе, ол... (бұл өмірде сүйіспеншілікті табуға) үйренеді.

- Егер де бала мадақтаулар арасында өмір сүріп жатса.....(ол өзгелердің құнын таниды) (өзіңіздің айтылған сөздерге қарым-қатынасыңызды айтып беріңіз, өмірден мысалдар келтіріп ойыңызды растаңыз).

4.Топтық жұмыс. (ватман мен маркерді дайындау)

Қазір біз ватманды екі бөлікке бөлеміз де, біреуіне өз балаларымызды мадақтайтын, ынталандыратын сөздерді, екінші жағына- ұрсатын сөздерді жазамыз (қай бағанда көп сөз жазылғандығына талдау жасалынады,ата-аналарға өздері үшін қорытынды жасау ұсынылады.....)

Аталмыш жұмыс (плакатта көрсетеді) әңгімелесуге келесі тақырыпты ашады: мадақтау мен жазалау.

5.Миға шабуыл.(Сұрақтарға жауап, өз тәжірбиелерімен алмасу)

Ата-ана болу –бұл қуанышты, сонымен бірге көп күш салуды қажет ететін еңбек. Осы жұмысты атқара отырып, біз бірнеше мәрте тығырыққа тірелеміз. Баланы жазалауға болады ма?, Қашан және мұны қалайша жасау керек?, Баланы мадақтаумен бұзуға бола ма?, Баланы не үшін мадақтауға болады?

Сіздердің назарларыңызға ұсынылатын нақыл сөздермен таныс болыңыздар және осы нақыл сөздер туралы өз ойларыңызды құрыңыздар.

6.Ұлы адамдардың, халық даналығының ойларымен келісесіз бе әлде жоқ па?

1. Кім мені мақтаса- сол менің жауым (корей макалы)

2. Өзіңді мақтаған адамға сенбе (жапон макалы)

3.«Бала өзін жақсы көрген адамды ғана жақсы көре алады. Және де оны тек сүйіспеншілікпен тәрбиелеуге болады» Ф.Э. Дзержинский.

4. «Балада еркіндік көп болған сайын, жазалау қажеттілігі де соғұрлым аз. Мадақтау көп болған сайын, жазалау соншалықты аз» Я. Корчак

5. «Қылмыскерді емес, істеген әрекетін кінәла» Жапон макалы.

6. «Адамды емес, оның әдеттерін кінәла» Фин макалы.

7. «Баланы дүре соғумен емес, ұятпен жазала» орыс макалы.

8. « Ашумен берілген жаза максатына жетпейді. Оған балалар өздеріне емес, салдарына сияқты қарайды» И.Кант.

9.«Аялаумен ала алмаған, қаталдықпен ала алмайды» А.П. Чехов.

7.Мадақтау. Сіздің баланыз сізді таңқалдырды деп елестетіңіз. Сіздің жауабыңыз қандай болады? Оған не деп айтасыз? Қалай қолдайсыз?- мысалы жақсы! Ертегідегідей! Сен ғажапсың! ж/е т.б.

Талқылауға тапсырма: Тақтаға ватманға салынған пияздың суреті ілініп, аңыз оқылады.

8.«Ащы пияз» қазіргі заман аңызы

Өз балаларыма көңіл бөлуге әрдайым менде уақыт болмайтын. Жұмыс, қызмет бабында өрлеу, жеке бас өмірім. Бірақ, менің балаларым ештеңеден тарықпай өмір сүріп жатты, менің олардың тәттілік – компьютерлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қаражатым жетіп отырды. Менің олардың кемшіліктеріне көз жұмып қарасам, олар менің тарапымнан көңіл бөле алмайтынымды кешіріп жатты. Бірақ мейірімді, жібектей балалық шақтың уақыты тез өтіп кетті. Күрделі жасөспірімдік кезең басталды. Алғашқы өзара кінә қою, алғашқы шынайы сезімдер. Менің жасаған ашылуым: менің балаларым сүйіспеншіліксіз өскен. Мен олардың есеюіне көңіл бөлмеппін, олардың нашар қылықтары мен әрекеттеріне тосқауыл қоймаппын және жамандықты жақсылықтан ажырата білуді үйретпеппін.

Кезекті келеңсіз жағдайдан соң ас үйде пиязды аршып тұрып, көзімнен жас кетті.

Анам кіріп келіп:

- Неге жылап тұрсың? – деді.

- Білесің бе, ащы пияз қолыма түсіпті. Көзді жасаурататын сұрыптары болады ғой, сол шығар, - дедім

- Демек, оны аз суарған шығар деді анам да, Мен бір маңызды нәрсені түсіндім: егер де балаларға балалық шағында аз су құйылса, өздерінің ересек өмірінде олар басқаларды көп жылатады.

Психолог: тапсырма: ватманда бейнеленген жуаның үстінгі бөлігінде жасыл жапырақты өскін бейнеленген. ата –аналарға әрбір отбасында балаға қандай сезім мен қарым – қатынас болу керектігін, мысалы: мейірімділік, махаббат, түсіністік.....т.с.с. Осындай жақсы сөздермен жуаның жасыл өскінін толтыруды ұсынады.

Сұрақ метафора: ата – аналарға: егер де отбасында осындай қарым –қатынас пен сезімдер болмаса бала қандай болып өсуі мүмкін?

Бұл жайында сіздердің ойларыңыз? (ата-аналарға сұрақ).....талқылау.....

Психолог: ал енді осы өскіншеге жапсырылған сөздерді алып тастасақ жуаның өзі ғана қалғандай, шын мәнінде, адам өмірге келгенде әке мен ана деген қасиетті сөздерді бойына сіңіреді. Құрғақшылық, қолайсыздық жағдайлары болғанда, біздің өсімдікті суарып үлгермейміз... Ол өледі. Ендеше, өсіріп отырған жас өскендерімізді мейіріммен, сезімталдықпен, кішіпейілділікпен суғарайық.

Тапсырма: Ал енді осы аңыздан кейін қазіргі заманның отбасылар формуласын құрайық. Әрқайсыңыз өз формулаңызды құрып көріңіздер (тәрбие берудегі оң нәтижелерді назарға алу).Жауаптары тыңдалып отбасында балаға тәрбие берудің құпия заңдары көрсетілген формула ұсынылады: (плакатта жазылған схема көрсетіледі).

Отбасы заңы = 1 + 2 + 3 + 4

1 заң-әке мен ананың балаға қоятын талаптарының бірдей болуы

2 заң- бала үшін мақтаудың маңыздылығы

3 заң- отбасы мүшелерінің әрқайсысының еңбекке араласуы

4 заң- ересектер мен балалар арасында материалдық және моральдық игіліктерді теңдей бөлу.

Егер де осы заңдардың барлығы отбасында орындалып жатса, егер ата-анасы өмірге сергек әрі сенімді қарайтын баласының достары болса, демек, бала адам ретінде, тұлға ретінде қалыптасады. Баланың қандай болып өсетіндігі, ересек өмірге қалайша қадам басатындығы сіздер мен біздерге байланысты. Ең бастысы- баланың тұлға болып қалыптасуына ата-анасының сөздері мен күнделікті ескертпелері емес, олардың шынайы іс-әрекеттері мен мінездері зор ықпал ететіндігін есте ұстаған жөн.

Рефлексия: «Жылудық шеңбері»

Ал енді барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап үлкен шеңбер жасайық. Өздеріңізді үлкен тұтас дененің бір бөлшегі ретінде сезініңіздер, әр қайсысымыздың өз орнымыз, өз есебіміз бар....

Көздеріңізді жұмыңыздар, ал енді ойша осы шеңберде тұрған адамдарға жақсы, жылы, қайырымды тілек тілеңіздер. Біздің оларға бергіміз келетіндігін барлығы сезінетіндей етіп жасау біздің күш- жігерімізде. Біз қаншалық көп берсек, соншалықты өзісізге қайтады, себебі біздің әрқайсымыз- тұтас үлкеннің жартысымыз, сіздің өз отбасыңыздың бір бөлшегіміз... (сезіну мен жанасу коммуникациясы)

Енді көздеріңізді ашуларыңызға болады.

Құрметті ата –аналар! Өз балаларыңызбен қарым –қатынас жасауда шыдамды болыңыздар. Жай ғана өз балаларыңызды сүйіспеншілікке бөленіз, өз сөздеріңізбен, дауыс ырғағыңызбен, құшақтасуларыңызбен және өздеріңіздің іс –әрекеттеріңізбен өзіңіздің оған деген махаббатыңызды көрсете біліңіз.